

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің 6D011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша PhD докторанты Саметова Жаңагүл Шыңғысханқызының философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған «Қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік ізденістер мен ағымдар және оны оқыту (XXI ғасыр)» атты диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшісінің

ПІКІРІ

6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Саметова Жаңагүл Шыңғысханқызы «Қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік ізденістер мен ағымдар және оны оқыту (XXI ғасыр)» атты диссертациясы қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымындағы проза жанрының құрылымдық жүйесіндегі жаңалықтары мен даму үрдістерінің теориялық, ғылыми әдістемелік тұрғыдан тани алғандығында. Зерттеу жұмысында, проза жанрының алғашқы негізінің қалыптасуы, оның көркемдік ізденістері мен ағымдары, сондай-ақ оқытудың әдіснамалық жүйелерінің түрлі технологияларына жан-жақты барлау жасалып қарастырылған. Қазіргі білім беру жүйесінің күннен-күнге өзгеруі, ақпараттық технологияның дамуы, көп тілді меңгеруі заман талабы болғандықтан жұмыстың негізгі арқауы осы мәселелерді алға қойып, жоғары оқу орындарда оқыту әдістемесінің жүйесін түзу негізі болып отыр.

Үш бөлімнен қарастырылған зерттеу жұмысы ғылыми-әдістемелік, теориялық қырынан тақырыпты жан-жақты аша білгендігін көрсетеді. «Қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік ізденістер мен ағымдар типологиясы» деп аталатын бірінші бөлімі әдебиеттану ғылымындағы күрделі әрі өзекті мәселенің бірі болып табылады. Бұл бөлімді қазақ прозасындағы жанрлық тұрғыдан қалыптасуымен дамуы, оның тарихын зерделеуге арналған. Прозалық жанрдың көркемдік мәтіндегі тұтастай көрінуі, көркемдік таным арналарының бағыттары мен ағымдары, әдіс мәселелерімен ұштасатындығы анықталған. Сондай-ақ, отандық және әлем ғалымдарының ізденістерінің күрделі нәтижесі проза жанрының ағымдарының жіктелуі негізге алынған. Қазіргі қазақ прозасындағы модернистік ағымдардың, яғни сюрреализм, неомифологизм, постмодернистік дискурс атты әдеби ағымдарды бірнеше тараушалардан тұратын жұмысты прозадағы жаңаша көріністің нақты әдеби материалдары мен ғылыми тұжырымдарға сүйене отырып сараланғандығы дәлел. Осыған орай, қазақ прозасындағы даму бағытын, ондағы жаңашыл ағымдардың типологиялық ерекшелігін терең қарастыру тақырыптың өзектілігін айғақтайды.

Қазақ әдебиеттануында тәуелсіздік жылдары әдебиет теориясының әдеби жанр, көркемдік әдіс пен әдеби бағыт, ағым, мектептер, т.б. сынды мәселелер жекелеген зерттеу еңбектерінде қарастырылды. Бұл тұрғыда М.Қараев, Е.Тілешов, Л. Сафронова, Б.Қанарбаева, Қ.Жанұзақова, Ж.Жарылғапов, т.б. сынды зерттеушілерді тақырыпқа байланысты қамтылғандығын атап өтуге боларлық.

Зерттеу жұмыстың «ЖОО қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік ізденістер мен ағымдарды оқытудың әдіснамалық негіздері» атты екінші бөлім жұмыстың негізгі өзегін құрайтындығы аңғарылады. Прозалық

шығармаларды оқытудағы әлем ойшылдарының философиялық мәселелері туралы тұжырымдарын негізге алып, сол сияқты мәтіндегі психологиялық аспектілер және педагогикалық негіздері атты мәселелеріне арнайы тоқталып, әлемдік прозалық шығармаларының типологиялық ұқсастықтарын жүйелі түрде талдаған. Бұл салада айтарлықтай еңбек еткен философ ғалымдардың бірқатар зерттеулерінің қатарына Дж.Мур, Л.Витгейштиннің, А.К. Блинов, В.А.Ладов, т.б. еңбектері тілдің қызмет аясын танумен қатар гуманитарлық білімнің философиялық негіздерінің терең пайымдауларын атап өткен.

Білім беру жүйесі үздіксіз даму үстінде және оқытудың тенденциялары да өзгергені мәлім. Яғни, білім берудің мазмұндық, құрылымдық жағынан кемелдендірудің үдерісіне қарай әрекет ету, оқыту ұстанымдарын педагог-ғалымдардың оқыту мен меңгертудегі әдістеме ғылымының соңғы жылдарда қалыптасқан жаңалықтар мен жетістіктерді тиімді пайдаланып, зерттеу жұмыстарының әдіснамалық негіздерін құраған.

Осыған орай, прозалық шығармалардың ішіндегі Асқар Алтайдың «Туажат» романы, «Кентавр» әңгімесі, Д.Қуаттың «Мысық пен Маруся», «Шахмарданның кітабы», Мұхтар Мағауиннің шығармаларындағы идеясы мен астарлы мәнді берудегі көркемдік тәсілдердің қызметін тану, модернистік, постмодернистік ағымның белгілерін саралату қазіргі қазақ прозасындағы ортақтық пен даралықты тануға да мүмкіндік берері анық. Бұл тақырыпты тереңірек дәлелдеуге себін тигізген деп білеміз.

Сол сияқты, әлем әдебиеттануында әдеби ағым түрлері және оның зерттелуі туралы алғашқы пайымдаулардың ғылыми пікірлерін саралап, өзіндік тұжырымдар түйіндеген. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі көркемдік жанрдың үлкен бір арнасын қалыптастырған әдеби ағым арнайы қарастырған зерттеу жұмысы мүлде жазылмағандығын ескерсек, зерттеу тақырыбының өзектілігі анық байқалады. Докторант қазақ әдебиеттануында бұрын арнайы сөз болмаған тың тақырыпты негізгі нысанаға ала отырып, прозалық жанрдың әдебиетте көрініс табуының көркемдік сипаты мен дәстүрлік негіздерін осы мәселенің аясына жинақтауы – тақырып өзектілігін толық таныта алады. Бұл зерттеу – әдебиеттанудағы қазіргі қазақ прозасындағы ғылыми еңбектер қатарында маңызды деп есептеуге мән бар.

Міне, осындай жағдайлар тақырыпты тереңдей қарастыру қажеттілігіне алып келді. Зерттеу нәтижелерінде, пікір айтып, тұжырымдар жасауда Ж.Саметова отандық әдебиеттанушы ғалымдардың ойлары мен пікірлерін ғана емес, әлем тарихы мен әдебиетін зерттеуші ғалымдардың да ой-пікірлерін орынды пайдаланып, ғылыми жұмыстың жалпы мемлекеттік бағдарламалардың негізінде жұмыстың орындалуына қол жеткізген. Докторанттың алдына қойған ғылыми мақсаты мен міндеттері практикалық талаптармен, сондай-ақ бүгінгі ғылым дамуымен орайлас туып отырған өзекті мәселелермен толық үйлесіп, жүйелі түрде сараланған. Сондай-ақ диссертациялық жұмысты жазу барысында зерттеулік қорытындылар мен ғылыми тұжырымдауларда бірізділік сақталған. Докторанттың талдаулары нақты-дәлел тұжырымдармен, еліміздегі және шетелдегі осы саланы зерттеуші жетекші ғалымдардың пікірлерімен тиянақталған. Диссертациялық

жұмыста келтірілген сілтемелер ізденуші пайдаланған дәйексөздермен дұрыс үйлесім тапқан.

Жұмыстың өзектілігі мен мақсаты, зерттеу нәтижелері мынадай жаңалықтармен көрініс тапқан:

- көркем әдебиеттегі ағым-бағыттардың алмасуы, әр ғасырлардағы ұқсастығы әрі тарихи жүйелігі, сатылы немесе белгілі бір тәртіппен өзгеру заңдылықтары сынды құбылыстар талданып, зерделенген;
- қазақ прозасына тән, әдебиеттің даму жолында тарихи қалыптасқан, ХХІ ғасыр шығармаларынан көрініс тапқан әдеби ағымдар анықталып, қазіргі қазақ прозасындағы жаңаша көркемдік ізденістердің өткен ғасырдағы әдебиеттанушылық ұғымдардан айырмашылықтары нақты көрсетілген;
- жаңа проза жанрының барлық түрлерінде көркемдік ізденістерге сай бейнелеу ерекшеліктері, қаламгерлердің көркемдік таным эволюциясы, шығармашылық туындыларының көркемдік ізденістегі ықпал-әсері белгілі бір кезеңнің ауқымында айқындау жолында ой-тоқтамдар жасалаған;
- қазіргі уақытта жоғары оқу орындарында жүргізіліп жатқан «Қазіргі әдеби процесс» пәнін оқыту жайына, типтік-оқу бағдарламаларындағы көркемдік ізденістер мен ағымдарға қатысты тақырыптарға ғылыми-әдістемелік талдау жүргізілген;
- алғаш рет жекелеген әдеби-теориялық категорияларды оқыту әдістемесі жасалынып, «Қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік ізденістер мен ағымдар» атты арнайы курс ұсынылған;
- қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік ізденістер мен ағымдарды жаңа педагогикалық технологиялармен оқытудың жолдары іздестіріліп, әдеби-теориялық талдаудың жаңа үлгісі жасалынып, көркем шығармадағы жаңа ізденістер мен ағымдарды меңгерудің ұтымдылығы анықталған;
- «Қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік ізденістер мен ағымдар» курсының философияның мәселелері, педагогикалық негіздері, психологиялық аспектілері анықталып, оқу бағдарламасы жасалынады, тиімділігі эксперимент арқылы дәлелденген.

Диссертация талапқа сай ғылыми тілде жазылған, өзіндік ой-тұжырымдары бар, ғылыми тұжырымдары дәлелді, нақты, толыққанды жұмыс деп бағалауға толық негіз қаланған. Жұмыстың ғылыми жаңалығы мен маңызы, теориялық және практикалық құндылығы жоғары деңгейде. Диссертация тақырыбы, мазмұны, ғылыми-зерттеу әдістемесі 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығына толық сәйкес келеді.

Диссертациялық жұмыс жоғарыда аталғандай Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетінің Ережесі талаптарына толық сай келетіндіктен диссертант, Ж.Ш.Саметоваға философия докторы (PhD) дәрежесін беруге әбден болады деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші
Педагогика ғылымдарының
докторы, профессор


Т.Қ.Жұмажанова